

ISSN 2518-1483 (Online),  
ISSN 2224-5227 (Print)

2025 • 1



«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ  
АКАДЕМИЯСЫ» РҚБ

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ» РҚБ

# БАЯНДАМАЛАРЫ

---

## ДОКЛАДЫ

РОО «НАЦИОНАЛЬНОЙ  
АКАДЕМИИ НАУК РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

## REPORTS

OF THE ACADEMY OF SCIENCES  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

PUBLISHED SINCE JANUARY 1944

ALMATY, NAS RK

**Бас редактор:**

**ЖУРЫНОВ Мұрат Жұрынулы**, химия ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР ҰҒА РҚБ президенті м.а., АҚ «Д.В. Сокольский атындағы Отын, катализ және электрохимия институтының» бас директоры (Алматы, Қазақстан) <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=6602177960>

**Редакция ұжымы:**

**ҚАЛИМОЛДАЕВ Максат Нұрәділұлы**, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (Алматы, Қазақстан) <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56153126500>

**ӘДЕКЕНОВ Серғазы Мыңжасарұлы**, химия ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, «Фитохимия» халықаралық ғылыми-өндірістік холдингінің директоры (Қарағанды, Қазақстан) <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=7006153118>

**РАМАЗАНОВ Тілекқабыл Сәбитұлы**, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректоры, (Алматы, Қазақстан) <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=6701328029>

**ӘБИЕВ Руфат**, техника ғылымдарының докторы (биохимия), профессор, Санкт-Петербург мемлекеттік технологиялық институты «Химиялық және биотехнологиялық аппаратураны онтайландыру» кафедрасының меңгерушісі, (Санкт-Петербург, Ресей) <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=6602431781>

**ОЛИВЬЕРО Росси Сезаре**, PhD (химия), Калабрия университетінің профессоры (Калабрия, Италия) <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57221375979>

**ТИГИНЯНУ Ион Михайлович**, физика-математика ғылымдарының докторы, академик, Молдова Ғылым Академиясының президенті, Молдова техникалық университеті (Кишинев, Молдова) <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=7006315935>

**САНГ-СУ Квак**, PhD (биохимия, агрохимия), профессор, Корей Биоғылым және биотехнология ғылыми-зерттеу институты (KRIBB), өсімдіктердің инженерлік жүйелері ғылыми-зерттеу орталығының бас ғылыми қызметкері, (Дэчон, Корея) <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=59286321700>

**БЕРСІМБАЕВ Рахметқажы Ескендірұлы**, биология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. (Астана, Қазақстан) <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=7004012398>

**КАЛАНДРА Пьетро**, PhD (физика), наноқұрылымды материалдарды зерттеу институтының профессоры (Рим, Италия) <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=7004303066>

**БОШКАЕВ Қуантай Авғазыұлы**, Ph.D. Теориялық және ядролық физика кафедрасының доценті, әл-Фарабиатындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=54883880400>

**Бүркітбаев Мұхамбетқали**, химия ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, (Алматы, Қазақстан) <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=8513885600>

**QUEVEDO Hernando**, профессор, Мексика ұлттық автономиялық университеті (UNAM), Ядролық ғылымдар институты (Мехико, Мексика), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=55989741100>

**ЖҮСІПОВ Марат Абжанұлы**, физика-математика ғылымдарының докторы, теориялық және ядролық физика кафедрасының профессоры, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=6602166928>

**КОВАЛЕВ Александр Михайлович**, физика-математика ғылымдарының докторы, Украина ҰҒА академигі, Қолданбалы математика және механика институты (Донецк, Украина), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=7202799321>

**ТАКИБАЕВ Нұрғали Жабағаұлы**, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=24077239000>

**ХАРИН Станислав Николаевич**, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, (Алматы, Қазақстан), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=6701353063>

**ДАВЛЕТОВ Асқар Ербуланович**, физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент, ҰЯЗУ МИФИ әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=6602642543>

**ӘБІШЕВ Медеу Ержанұлы**, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, (Алматы, Қазақстан) <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=26530759900>

**ӘБІЛМАҒЖАНОВ Арлан Зайнуталлайұлы**, химия ғылымдарының кандидаты, Д.В. Сокольский атындағы "Отын, катализ және электрохимия институты" АҚ Бас директорының бірінші орынбасары, (Алматы, Қазақстан), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57197468109>

**«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының баяндамалары»**

ISSN 2518-1483 (Online), ISSN 2224-5227 (Print)

Меншіктеуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» Республикалық қоғамдық бірлестігі (Алматы қ.).

Ақпарат агенттігінің мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды қайта есепке қою туралы ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі «Ақпарат комитеті» Республикалық мемлекеттік мекемесі **31.01.2025 ж.** берген № **KZ31VPY0011215** Күзлік.

Тақырыптық бағыты: *физика, химия.*

Мерзімділігі: жылына 4 рет.

<http://reports-science.kz/index.php/en/archive>

**Главный редактор:**

**ЖУРИНОВ Мурат Журинович**, доктор химических наук, профессор, академик НАН РК, и.о. президента РОО НАН РК, Генеральный директор АО «Институт топлива, катализа и электрохимии им. Д.В. Сокольского» (Алматы, Казахстан) <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=6602177960>

**Редакционная коллегия:**

**КАЛИМОЛДАЕВ Максат Нурадилович**, доктор физико-математических наук, профессор, академик НАН РК (Алматы, Казахстан), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56153126500>

**АДЕКЕНОВ Сергазы Мынжасарович**, доктор химических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного научно-производственного холдинга «Фитохимия» (Караганда, Казахстан), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=7006153118>

**РАМАЗАНОВ Тлеккабул Сабитович**, (заместитель главного редактора), доктор физико-математических наук, профессор, академик НАН РК (Алматы, Казахстан), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=6701328029>

**АБИЕВ Руфат**, доктор технических наук (биохимия), профессор, заведующий кафедрой «Оптимизация химической и биотехнологической аппаратуры», Санкт-Петербургский государственный технологический институт (Санкт-Петербург, Россия), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=6602431781>

**ОЛИВЬЕРО Росси Чезаре**, доктор философии (PhD, химия), профессор Университета Калабрии (Калабрия, Италия), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57221375979>

**ТИГИНЯНУ Ион Михайлович**, доктор физико-математических наук, академик, президент Академии наук Молдовы, Технический университет Молдовы (Кишинев, Молдова), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=7006315935>

**САНГ-СУ Квак**, доктор философии (PhD, биохимия, агрохимия), профессор, главный научный сотрудник, Научно-исследовательский центр инженерных систем растений, Корейский научно-исследовательский институт бионауки и биотехнологии (KRIBB), (Дэчон, Корея), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=59286321700>

**БЕРСИМБАЕВ Рахметкажи Искендерович**, доктор биологических наук, профессор, академик НАН РК, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева (Астана, Казахстан), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=7004012398>

**КАЛАНДРА Пьетро**, доктор философии (PhD, физика), профессор Института по изучению наноструктурированных материалов (Рим, Италия), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=7004303066>  
**БОШКАЕВ Қуантай Авгазыевич**, PhD, преподаватель, доцент кафедры теоретической и ядерной физики, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Алматы, Казахстан), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=54883880400>

**БУРКИТБАЕВ Мухамбеткали**, доктор химических наук, профессор, академик НАН РК, (Алматы, Казахстан) <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=8513885600>

**QUEVEDO Hernando**, профессор, Национальный автономный университет Мексики (UNAM), Институт ядерных наук (Мехико, Мексика), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=55989741100>

**ЖУСУПОВ Марат Абжанович**, доктор физико-математических наук, профессор кафедры теоретической и ядерной физики, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Алматы, Казахстан), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=6602166928>

**КОВАЛЕВ Александр Михайлович**, доктор физико-математических наук, академик НАН Украины, Институт прикладной математики и механики (Донецк, Украина), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=7202799321>

**ТАКИБАЕВ Нургали Жабгаевич**, доктор физико-математических наук, профессор, академик НАН РК, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Алматы, Казахстан), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=24077239000>

**ХАРИН Станислав Николаевич**, доктор физико-математических наук, профессор, академик НАН РК (Алматы, Казахстан), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=6701353063>

**ДАВЛЕТОВ Аскар Ербуланович**, кандидат физико-математических наук, доцент, Филиал НИЯУ МИФИ Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Алматы, Казахстан), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=6602642543>

**АБИШЕВ Медеу Ержанович**, доктор физико-математических наук, профессор, академик НАН РК, (Алматы, Казахстан), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=26530759900>

**АБИЛЬМАГЖАНОВ Арлан Зайнуталлаевич**, кандидат химических наук, первый заместитель генерального директора АО «Институт топлива, катализа и электрохимии им. Д.В. Сокольского», (Алматы, Казахстан), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57197468109>

**Доклады Национальной академии наук Республики Казахстан»**

**ISSN 2518-1483 (Online), ISSN 2224-5227 (Print)**

Собственник: Республиканское общественное объединение «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы).

Свидетельство №KZ31VPY0011215 о повторной регистрации периодического печатного издания информационного агентства, информационного агентства и сетевого издания, выданное Республиканским государственным учреждением «Комитет информации» Министерства культуры и информации Республики Казахстан **31.01.2025**

Тематическая направленность: *физика, химия*.

Периодичность: 4 раза в год.

<http://reports-science.kz/index.php/en/archive>

**Editor-in-Chief:**

**ZHURINOV Murat Zhurinovich**, Doctor of Chemical Sciences, Professor, Academician of NAS RK, Acting President of RPA NAS RK, General Director of JSC "Institute of Fuel, Catalysis and Electrochemistry named after D.V. Sokolsky" (Almaty, Kazakhstan) <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=6602177960>

**Editorial Board:**

**KALIMOLDAYEV Maksat Nuradilovich**, Doctor of Physical and Mathematical Sciences, Professor, Academician of NAS RK (Almaty, Kazakhstan), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56153126500>

**ADEKENOV Sergazy Mynzhasarovich**, Doctor of Chemical Sciences, Professor, Academician of NAS RK, Director of the International Science and Production Holding "Phytochemistry" (Karaganda, Kazakhstan), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=7006153118>

**RAMAZANOV Tlekkebul Sabitovich**, (Deputy Editor-in-Chief), Doctor of Physical and Mathematical Sciences, Professor, Academician of NAS RK (Almaty, Kazakhstan), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=6701328029>

**ABIEV Rufat**, Doctor of Technical Sciences (Biochemistry), Professor, Head of the Department of Optimization of Chemical and Biotechnological Equipment, St. Petersburg State Technological Institute (St. Petersburg, Russia) <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=6602431781>

**OLIVIERO Rossi Cesare**, PhD (Chemistry), Professor at the University of Calabria (Calabria, Italy), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57221375979>

**TIGINYANU Ion Mihailovich**, Doctor of Physical and Mathematical Sciences, Academician, President of the Academy of Sciences of Moldova, Technical University of Moldova (Chisinau, Moldova), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=7006315935>

**SANG SU Kwak**, PhD (Biochemistry, Agricultural Chemistry), Professor, Chief Scientist, Research Center for Plant Systems Engineering, Korea Research Institute of Bioscience and Biotechnology (KRIBB), (Daecheon, Korea), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=59286321700>

**BERSIMBAYEV Rakhmetkazi Iskenderovich**, Doctor of Biological Sciences, Professor, Academician of NAS RK, L.N. Gumilyov Eurasian National University (Astana, Kazakhstan), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=7004012398>

**CALANDRA Pietro**, PhD (Physics), Professor, Institute for the Study of Nanostructured Materials (Rome, Italy), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=7004303066>

**BOSHKAEV Kuantai Avgazyevich**, PhD, Associate Professor, Department of Theoretical and Nuclear Physics, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=54883880400>

**BURKITBAEV Mukhambetkali**, Doctor of Chemical Sciences, Professor, Academician of NAS RK, (Almaty, Kazakhstan) <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=8513885600>

**QUEVEDO Hernando**, Professor, National Autonomous University of Mexico (UNAM), Institute of Nuclear Sciences (Mexico City, Mexico), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=55989741100>

**ZHUSUPOV Marat Abzhanovich**, Doctor of Physical and Mathematical Sciences, Professor of the Department of Theoretical and Nuclear Physics, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=6602166928>

**KOVALEV Alexander Mikhailovich**, Doctor of Physical and Mathematical Sciences, Academician of NAS of Ukraine, Institute of Applied Mathematics and Mechanics (Donetsk, Ukraine), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=7202799321>

**TAKIBAEV Nurgali Zhabagaevich**, Doctor of Physical and Mathematical Sciences, Professor, Academician of NAS RK, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=24077239000>

**KHARIN Stanislav Nikolaevich**, Doctor of Physical and Mathematical Sciences, Professor, Academician of NAS RK, Kazakh-British Technical University (Almaty, Kazakhstan), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=6701353063>

**DAVLETOV Askar Erbulanovich**, Candidate of Physical and Mathematical Sciences, Associate Professor, Branch of NRNU MEPhI Kazakh National University named after Al-Farabi (Almaty, Kazakhstan), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=6602642543>

**ABISHEV Medeu Erzhanovich**, Doctor of Physical and Mathematical Sciences, Professor, Academician of NAS RK, (Almaty, Kazakhstan), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=26530759900>

**ABILMAGZHANOV Arlan Zainutalievich**, PhD in Chemistry, First Deputy Director General of JSC "Institute of Fuel, Catalysis and Electrochemistry named after D.V. Sokolsky", (Almaty, Kazakhstan), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57197468109>

---

**Reports of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.**

ISSN 2518-1483 (Online), ISSN 2224-5227 (Print)

Owner: RPA «National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan» (Almaty).

The certificate of registration of a periodical printed publication in the Committee of Information of the Ministry of Information and Social Development of the Republic of Kazakhstan No. KZ31VPY00111215 issued 31. 01. 2025

Thematic scope: *physics and chemistry*.

Periodicity: 4 times a year.

<http://reports-science.kz/index.php/en/archive>

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2025

REPORTS OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
ISSN 2224-5227

Volume 1. Number 353 (2025), 160–172

<https://doi.org/10.32014/2025.2518-1483.332>

FTAXP (MPHTI) 61.29.39

ЭОЖ (УДК) 661.846:66.082

© **K.T. Arynov<sup>1</sup>, A.P. Auyeshov<sup>2</sup>, Ch.Z. Yeskibayeva<sup>2\*</sup>, A.K. Dikanbayeva<sup>2</sup>,  
A.M. Ibrayeva<sup>2</sup>, 2025.**

<sup>1</sup>Institute of Innovative Research and Technology, Almaty, Kazakhstan;

<sup>2</sup>South Kazakhstan University named after M. Auezov, Shymkent, Kazakhstan.

E - mail: dikanbaeva86@mail.ru

## **X-RAY PHASE AND THERMOANALYTICAL STUDY OF NEMALITE FROM THE ZHITIKARINSKOE DEPOSIT (KAZAKHSTAN)**

**Arynov Kazhymuhan Toktiyarovich** – Senior researcher at the Institute of Innovative Research and Technology, Almaty, Kazakhstan, E-mail: i\_technology@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-1440-8248>;

**Auyeshov Abdrazak Pernebaevich** – South Kazakhstan University named after M. Auezov, Head of the SRL “Applied Chemistry”, Shymkent, Kazakhstan, E-mail: centersapa@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-3504-9117>;

**Yeskibayeva Chaizada Zulpuharovna** – South Kazakhstan University named after M. Auezov, chief specialist of the SRL “Applied Chemistry”, Shymkent, Kazakhstan, E-mail: yeskibayeva@internet.ru, <https://orcid.org/0000-0002-8049-8851>;

**Dikanbayeva Aizhan Kosybaevna** – South Kazakhstan University named after M. Auezov, employee of the SRL “Applied Chemistry” Shymkent, Kazakhstan, E-mail: dikanbaeva86@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-4982-1566>;

**Ibrayeva Aitkul Makhatovna** – South Kazakhstan University named after M. Auezov, chief specialist of the SRL “Applied Chemistry”, Shymkent, Kazakhstan, E-mail: aytkul.ibraeva@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-0981-0117>.

**Abstract.** X-ray and thermal analysis studies of nemalite-serpentinite mineral of Zhitikarinskoye deposit (Kostanay region, Kazakhstan), which is mined as a by-product during development of chrysotile ore, were conducted in order to determine its area of application and utilization.

It is shown that the natural nemalite-serpentinite mineral of this deposit contains black, grey and white inclusions, which differ in the content of brucite (nemalite) and chrysotile (serpentinite) components of the rock.

X-ray phase and thermal analysis studies have shown that chrysotile (serpentinite) predominates in darker inclusions, the lighter the rock, the more brucite it contains. The average nemalite-serpentinite rock of the Zhitikarinskoye deposit contains, in wt. %: 40-43 - brucite (nemalite), 40-43 - serpentinite and 10-19 - iron (II) hydroxide.

It is noted that the thermoanalytical method, with the provision of standard operating procedures, can be used to carry out express control and preliminary assessment of

nemalite-containing deposits with respect to the content of the main constituent minerals in them.

**Keywords:** nemalite, serpentinite, brucite, nemalite-containing chrysotile asbestos, thermal analysis.

**К. Арынов<sup>1</sup>, А. Ауешов<sup>2</sup>, Ч. Ескибаева<sup>2\*</sup>, А. Диканбаева<sup>2</sup>, А. Ибраева<sup>2</sup>, 2025.**

<sup>2</sup>Инновациялық зерттеулер және технология институты, Алматы, Қазақстан;

<sup>1</sup>М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан.

E - mail: dikanbaeva86@mail.ru

### **ЖІТІҚАРА КЕНОРНЫНЫҢ НЕМАЛИТҚҰРАМДАС ХРИЗОТИЛ-АСБЕСТІН РЕНТГЕНОФАЗАЛЫҚ ЖӘНЕ ТЕРМОАНАЛИТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ**

**Арынов Кажымукан Токтиярович** – Инновациялық зерттеулер және технология институтының бас ғылыми қызметкері, Алматы, Қазақстан, E-mail: i\_technology@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-1440-8248>;

**Ауешов Абдразах Пернебаевич** – М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, «Қолданбалы химия» ҒЗЗ меңгерушісі, Шымкент, Қазақстан, E-mail: centersapa@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-3504-9117>;

**Ескибаева Чайзада Зулпухаровна** – М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, «Қолданбалы химия» ҒЗЗ бас маманы, Шымкент, Қазақстан, E-mail: yeskibayeva@internet.ru, <https://orcid.org/0000-0002-8049-885>;

**Диканбаева Айжан Косыбаевна** – М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, «Қолданбалы химия» ҒЗЗ қызметкері, Шымкент, Қазақстан, E-mail: dikanbaeva86@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-4982-1566>;

**Ибраева Айткул Махатовна** – М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, «Қолданбалы химия» ҒЗЗ бас маманы, Шымкент, Қазақстан, E-mail: aytkul.ibraeva@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-0981-0117>.

**Аннотация.** Жітіқара кенорнында (Қазақстан, Қостанай облысы) өндірілетін хризотилді шикізат кенін өндіру барысында жолай, қосымша ретінде тау жынысынан бөлініп алынатын немалит-серпентинит минералының қолдану және кәдеге жарату мақсатында оларға рентгенографиялық және термоаналитикалық зерттеулері жүргізілді.

Зерттеуде, аталған кенорнының тау жынысынан бөлініп алынған немалитқұрамдас хризотил-асбест құрамы қара, сұр және ақ түстес қатты минералдардан тұратыны және олар негізінен бруситтік (немалит) және серпентиниттік (хризотилдік) құрамдас бөліктерінің арақатынасы бойынша бір-бірінен ерекшелінетіні анықталған. Немалитқұрамдас хризотил-асбест құрамы рентгенофазалық, SEM-талдау және термиялық талдау әдістерімен зерттеліп, орташа сұрыпталған немалитқұрамдас хризотил-асбесттің, сонымен қатар олардың құрамында кездесетін қара, сұр және ақ бөліктерінің минералдық құрамдары анықталды. Рентгендік дифракция және термоаналитикалық зерттеулер тау жыныстарында қара түсті минералдар көп болса, онда серпентиниттік (хризотилдік) компонент басым болатындығы, сұр және ақ құрамдас минералдарда



бруситтік (немалит) құрамдас компонентінің көп болатындығы көрсетілді. Зерттеу нәтижелері орташа сұрыпталған немалитқұрамдас хризотил-асбестті тау жынысы массалық %-бен: 40-43 – брусит (немалит), 40-43 – серпентинит және 10-19 – темір (II) гидроксидінен тұратындығы анықталды.

Жұмыста, зерттеуде қолданылған термоаналитикалық әдісті, практикада кенорындарына талдау жүргізгенде қолданылатын шекара аясында және қалыпты стандартты жағдайларда жүргізілетін талаптар сақталғанда, немалитқұрамдас кен орындарына алдын-ала бағалау мен экспрессивті бақылау жұмыстарын жүргізуде қолдануға болатындығы атап көрсетілді.

**Түйін сөздер:** немалит, серпентинит, брусит, немалитқұрамдас хризотил-асбест, термоаналитикалық талдау.

© К.Т. Арынов<sup>1</sup>, А.П. Ауешов<sup>2</sup>, Ч.З. Ескибаева<sup>2\*</sup>, А.К. Диканбаева<sup>2</sup>,  
А.М. Ибраева<sup>2</sup>, 2025.

<sup>1</sup>Институт инновационных исследований и технологии, Алматы, Казахстан;

<sup>2</sup>Южно-Казахстанский университет им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан.

E - mail: dikanbaeva86@mail.ru

## РЕНТГЕНОФАЗОВОЕ И ТЕРМОАНАЛИТИЧЕСКОЕ ИССЛЕДОВАНИЕ НЕМАЛИТА ЖИТИКАРИНСКОГО МЕСТОРОЖДЕНИЯ (КАЗАХСТАН)

**Арынов Кажымукан Токтиярович** – старший научный сотрудник института инновационных исследований и технологии, Алматы, Казахстан, E-mail: i\_technology@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-1440-8248>;

**Ауешов Абдразах Пернебаевич** – Южно-Казахстанский университет им. М. Ауэзова, заведующий НИЛ «Прикладная химия», Шымкент, Казахстан, E-mail: centersapa@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-3504-9117>;

**Ескибаева Чайзада Зулпухаровна** – Южно-Казахстанский университет им. М. Ауэзова, главный специалист НИЛ «Прикладная химия», Шымкент, Казахстан, E-mail: yeskibayeva@internet.ru, <https://orcid.org/0000-0002-8049-8851>;

**Диканбаева Айжан Косыбаевна** – Южно-Казахстанский университет им. М. Ауэзова, сотрудник НИЛ «Прикладная химия», Шымкент, Казахстан, E-mail: dikanbaeva86@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-9859-5545>;

**Ибраева Айткул Махатовна** – Южно-Казахстанский университет им. М. Ауэзова, главный специалист НИЛ «Прикладная химия», Шымкент, Казахстан, E-mail: aytkul.ibraeva@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-0981-0117>.

**Аннотация.** Проведены рентгенографические и термоаналитические исследования немалит-серпентинитового минерала Житикаринского месторождения (Костанайская область, Казахстан), попутно добываемого при разработке хризотиловой руды, с целью определения его области применения и способов утилизации.

Показано, что природный немалит-серпентинит данного месторождения содержит черные, серые и белые включения, различающиеся по содержанию бруситовых (немалит) и хризотиловых (серпентинит) компонентов горной породы. На основе рентгенофазового и термоаналитического исследований установлено,

что в более темных включениях преобладает хризотил (серпентинит), а по мере осветления породы увеличивается содержание брусита. Усредненная немалит-серпентинитовая горная порода Житикаринского месторождения содержит (в мас.%): 40-43 – брусит (немалит), 40-43 – серпентинит и 10-19 – гидроксид железа (II).

Отмечено, что термоаналитический метод при соблюдении стандартных операционных процедур может быть использован для экспрессного контроля и предварительной оценки немалитсодержащих месторождений по содержанию в них основных минералов.

**Ключевые слова:** немалит, серпентинит, брусит, немалитсодержащий хризотил-асбест, термоаналитический анализ.

**Кіріспе.** Немалит немесе немалитқұрамдас хризотил-асбест (НХА) – Жітіқара кен орнындағы хризотил-асбест кенін өндірудің қосарланған жанама өнімі болып табылады (Джафаров, и др., 2020). Құрамындағы хризотилдің болуына байланысты бұл өнім қазіргі уақытта пайдаланылмайды және қоршаған ортаға экологиялық қауіпті материал ретінде арнайы белгіленген жерлерде сақталады (Раздел охраны окружающей среды к проекту, 2021). Сонымен қатар, Қазақстанда немалитқұрамдас табиғи шикізаттың ірі кен орындары бар, мысалы, бір ғана Жезқазған-Ұлытау аймағында 8 кен орны ашылған, ең ірісі - Ешкіөлмес кен орны (Бейсеев, 1971). Мұнда немалит-хризотил шикізатының есептелген қоры - 20 млн тоннаны шамалайды. Осы өңірдегі барлық кен орындарының болжамды ресурстары шамамен 90-120 млн тонна (Beiseev, et al., 2005). Қорлары бойынша бұл кен орындары өнеркәсіптік санаттарға жатпайды, яғни әлі игерілмеген. Жүргізілген маркетингтік зерттеулер әртүрлі салаларда оларға деген қажеттілік 300 мың тоннаға жуық екенін көрсетеді.

Немалитқұрамдас хризотил-асбесттің ерекшеліктерінің бастысы ол оның құрамындағы магний мен кремнийдің көптігі болып табылады. Сондықтан да олар ауылшаруашылығында магний мен кремнийдің және басқа да микроэлементтермен қатар тағамдық элементтердің көзі ретінде қолдану мүмкіндігі бар. Мысалы, оларды қышқылдық топырақтардың PH-ын жоғарылатуда, оның құрамындағы бруситтің маңызы үлкен (Błońska, et al., 2016; Błońska, et al., 2017; Ranawat, et al., 2009).

Әзірге, немалитқұрамдас хризотил-асбестті, іс жүзінде әртүрлі инженерлік құрылымдарда - өрттен қорғауға, машина жасау және құрылыс өнеркәсібінің көптеген салаларында қолдануға болатын ыстыққа және отқа төзімді жабындар мен материалдарды өндіруде пайдалану мүмкіндігі бар екені анықталған (Серебренников, и др., 2023). Мұндай жабындар мен материалдарға өнеркәсіптердің қажеттілігі жүздеген мың тоннамен өлшенеді. Бұл минералдың ыстыққа және отқа төзімді қасиеттері негізінен әртүрлі формаларда кездесетін магнийқұрамдас (бруситтік, серпентиниттік) компоненттердің термиялық қасиеттермен, сондай-ақ олардың құрамындағы мөлшерлік қатынасымен анықталады. Сондықтан оның қолдану аясын анықтау үшін НХА-тің термиялық қасиеттерін егжей-тегжейлі



зерттеудің маңызы зор. Немалиттегі магний мөлшері нақты кен орны мен геологиялық формацияның ерекшеліктеріне байланысты өзгеруі мүмкін. Магний бойынша құрамы туралы нақты ақпарат алу үшін олардың НХА (әртүрлі кен орындарында) құрамында болу формалары және олардың арақатынасы, оларды қолданудың нақты аймағын анықтау үшін, яғни белгілі бір кен орнының НХА құрамы мен термиялық қасиеттері туралы ғылыми деректер қажет.

Минералды өнімдер сапасының болжамдық критерийлері ретінде фазалық өзгерістерді тіркеу, физикалық-химиялық, құрылымдық және технологиялық сипаттамаларды салыстырмалы бағалау қажет болады. Осы бағытта, әртүрлі шикізаттың сапасын болжау және экспресс-бақылау мәселелерін шешуде рентгендік фазалық талдаумен бірге үйлестірілген термоаналитикалық зерттеулер жемісті қолданылады (Метод.рекомендации НСОММИ №10, 1987). Рентгенофазалық анықталған қоспалардың бастапқы құрамдас бөліктерінің термиялық массалық жоғалту мәндерін сипаттамалық мәндер ретінде пайдалана отырып, теориялық түрде әрбір зерттелетін қоспа үшін массалық жоғалтудан күтілетін мәндерін есептеуге және белгісіз құрамды қоспадағы компоненттердің қатынасын есептеуге болады (Шляпкина, 2005)

НХА-ның термиялық қасиеті оны өңдеу және кәдеге жарату кезінде де маңызды, өйткені ол қоршаған ортаға және денсаулыққа қауіпті хризотилдік компоненттердің тигізетін әсерін азайту үшін ыдыратуға немесе түрлендіріп, одан әрі өңдеуге болатын жағдайларды анықтайды.

Жұмыстың мақсаты – Жітіқара кен орнындағы (Қостанай облысы, Қазақстан) хризотил кенін өндіру барысында ілеспе тау жыныстары (НХА) қайтаөңдеу мүмкіндіктерін немесе қолдану аясын анықтау үшін бастапқы химиялық-минерологиялық құрамы мен термиялық өзгерістерін зерттеу болып табылады. Зерттеу нәтижелері оны қолдану немесе кәдеге жарату саласын анықтауда пайдаланылуы мүмкін.

**Материалдар және зерттеу әдістері.** *Материалдар.* Жітіқара кен орындарында хризотил кенін өндірудің ілеспе өнімі болып табылатын, «Қостанай минералдары» АҚ-ы ұсынған немалитқұрамдас хризотил асбестінің үлгілері.

*Немалитқұрамдас хризотил-асбестің үлгілерінің сипаттамалары.* Құрамында тас-қиыршықты немалит құрамдас хризотил асбестінің (НХА) үлгілері, түстерін - кара және сұр, ақ түрлерінде сипаттауға болады. Сырты кара НХА - тас тәрізді, қиыршық тастар сияқты, кейбір тастар жылтыр, сұр және ақ НХА - ұзын жіпше тәріздес, көлденең қимасы 0,5-3,0 см және ұзындығы 2-7 см бір бағыттағы қабатталған талшықтар тәрізді ағаш жоңқалар сияқты.

Ұзындығы бойынша жіпшелердің беріктігі көлденең қимаға қарағанда (қолмен үзілуі мүмкін) әлдеқайда күшті. Өлшемдері ( $l=5-10$  см,  $d=2,5$  см,  $h=1-2$  см), НХА түсті бөліктері магниттік әсерге ұшырайды, кара НХА (қашықтықта) - күштірек, сұр НХА (беттескен) - орташа, ақ НХА – магнит өрістеріне әсер бермейді. Зерттеуде сұрыпталған НХА-тің 4 түрі: сұрыпталған орташа құрамдағы, сұр, ақ және кара түстеріндегі үлгілері қолданылды.


*Әдістер.* Үлгілердің термиялық талдауы Q-DERIVATOGRAPH (System: F.

Paulik, J. Paulik, L. Erdey) құралының көмегімен жүргізілді. Пешті қыздырмас бұрын кеңістіктің ауасы сорылып алып (~92% алынған көлем деңгейі), содан кейін 5 минут бойы инертті газбен (азот) үрленді, жылыту 10°C/мин жылдамдықпен жүргізілді. Q-DERIVATOGRAPH көмегімен алынған нәтижелер NETZSCH Protues бағдарламалық құралы арқылы өңделді.

Үлгілердің рентгендік дифракциялық зерттеулері D8Advance (Bruker) дифрактометрінде, Cu-K $\alpha$ , түтік кернеуі 40 кВ, ток 40 мА жағдайларында жүргізілді. Алынған дифракция заңдылықтарын өңдеу және жазықаралық қашықтықтарды есептеу EVA бағдарламалық құралын қолдану арқылы жүзеге асырылды. Үлгіні интерпретациялау және фазалық анықтау PDF-2 (JICDD) ұнтақ дифрактометриялық деректер базасын пайдалану арқылы, іздеу және сәйкестендіру Search/match бағдарламасы арқылы жүзеге асырылды.


Үлгілердің химиялық талдаулары және (SEM талдауы) JSM-6490LV, JEOL (Жапония) құрылғысында, INCA Energy 350 энергия-дисперсиялық микроанализатор жүйелерімен толықтырылған қондырғыда жүргізіліп анықталды.

**Нәтижелер мен талқылау.** 1-суретте бастапқы сұрыпталған НХА-нің орташа құрамының SEM талдауы көрсетілген, НХА құрамы біртекті емес және негізінен Mg, Si, Fe, оттегі элементтерінен тұрады.



Сурет 1 – Бастапқы сұрыпталған (НХА) орташа құрамының SEM- талдауы

Сондықтан, НХА сұрыпталған орташа құрамына рентгендік фазалық талдау жүргізілді. Алынған дифрактограмма бойынша (2-сурет) НХА құрамында брусит (немалит), хризотил (серпентинит), феррит-магнетит  $[Mg_{0,3}Fe_{0,7}(Mg_{0,73}Fe_{1,27})O_4]$  бар. Рентгендік фазалық жартылай сандық талдаудың салыстырмалы қателігі 20% болғандықтан, НХА-тегі минералдық компоненттерінің дәлірек мөлшерлік құрамын алу үшін элементтік талдау жүргізілді.



Сурет 2 – Бастапқы НХА-тің орташа құрамындағы дифрактограммасы.


